

Демалыс күндерін ауыстыру туралы

Күші жойғал

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі N 395/51-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 5 қазанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 650 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 26 маусымдағы N 466/65-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.26 N 466/65-IV шешімімен

«Қазақстан Республикасы елордасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтықтастық ұйымы саммитін ұйымдастыру және өткізу мақсатында, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласында демалыс күндері 2010 жылғы 27 қараша сенбі күні мен 28 қараша жексенбі күнін 1-2 желтоқсан сәрсенбі және бейсенбі күндеріне ауыстырылсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы *М. Шекенов*

Астана қаласы мәслихатының
хатшысы *В. Редкокашин*